

Жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушыларын киіндіру және тамақтандыруға арналған шығындардың заттай мөлшері туралы Ескерту. Бұл қаулының күші жойылған - ҚРМҚ-нің 1995.03.31. N 376 қаулысына бойынша.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 28 тамыз 1992 ж. N 720. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен

Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жетім балалардың және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың (интернат мекемелерінің бұрынғы тәрбиеленушілері) арасынан шыққан жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары толық мемлекеттік қамсыздандыруға N 5, 6, 7 қосымшаларда бекітілген мөлшерлерде алынатын болып белгіленсін.

2. Индустриалдық-педагогикалық техникумдарының оқушыларына киім, аяқ киім, іш киім мен төсек бұйымдарын беру мөлшері кию мерзімдері, тамақтанудың заттай мөлшері N 1-4 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2-тармағына өзгерістер енгізілген - ҚРМҚ-нің 30.05.1994 ж. N 573 қаулысымен.

3. Қазақ қыздар педагогика институтының студенттеріне N 1 қосымшада бекітілген тамақтанудың заттай мөлшері қолданылсын.

4. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, "Қазжеңілөнеркәсіп" концерні оқушыларға, студенттерге киімді, аяқ киімді, іш киім мен төсек бұйымдарын әзірлеп, жеткізуді бекітілген нормативтерге сәйкес қамтамасыз е т с і н .

5. Киіммен, аяқ киіммен, іш киіммен және тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда, сондай-ақ студенттерге, оқушыларға аталған материалдық қамтамасыз ету орнына қолданып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен ақшадай төлем төлеген ретте Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне, облыстық білім (кәсіптік-техникалық) басқармаларына өз қарамағындағы мекемелерге ақшадай төлемнің белгіленген нормативтерге сәйкес мөлшерін анықтау хұқығы берілсін.

6. Аталған нормативтер 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап

қолданылады деп белгіленсін.

7. 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап:

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 10 шілдедегі
N 187 өкімінің;

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ
КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 29 қыркүйектегі N 440
(Қазақ КСР ҚЖ, 1987 ж., N 24, 98-ст.) қаулысындағы тамаққа,
киімге, аяқ киімге, жұмсақ және қатты мүкәммалға шығынның ақшадай
мөлшері жөніндегі бөлігінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 28 тамыздағы

N 720 қаулысына

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 Қосымшалар

Ескерту. N 1-4 қосымшалардың атауынан сөздер
алынып тасталған - ҚРМК-нің 30.05.1994 ж.
N 573 қаулысымен.